



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2021 жылғы 16 маусымдағы № ДС-211

Құрметті депутаттар!

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) іске асыруға қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызға мыналарды хабарлаймын.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 54-56-баптарына және «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес балаларды мектепке дейінгі оқытуды және тәрбиелеуді жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджетте жан басына шаққандағы қаржыландыру әдістемесіне¹ сәйкес педагогтердің жалақысының жыл сайынғы ұлғаюын ескере отырып, еңбекке ақы төлеуді арттыруға нысаналы трансферттер көзделген. Бұл мақсаттарға Алматы облысының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына 46,1 млрд теңге (2021 жылға – 11,7 млрд теңге, 2022 жылға – 17,2 млрд теңге, 2023 жылға – 17,2 млрд теңге), Түркістан облысы бойынша – 79,5 млрд теңге (2021 жылға – 19,9 млрд теңге, 2022 жылға – 29,8 млрд теңге, 2023 жылға – 29,8 млрд теңге) көзделген.

Бұдан басқа **2021 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде** Алматы облысы бойынша 1,8 млрд теңгеге мектепке дейінгі білім беруге қосымша қажеттілік толық қолдау тапты (8000 жаңа орын). Бұл ретте, өңір бұрын мәлімделген жоспардан тыс енгізілген мектепке дейінгі ұйымдардағы орындарды 2,5 млрд теңгеге қаржыландыру қажеттілігіне нақтылау кезінде өтініш берген жоқ.

Түркістан облысы әкімдігі ұсынған Республикалық бюджет комиссиясының Ұлттық білім беру деректер базасының есептік деректері бойынша контингент туралы мәліметтердің сәйкес келмеуіне байланысты

¹ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы.

мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты қаржыландыруға 24,3 млрд теңге сомасына қосымша қажеттілік қолдау таппады.

Анықтама: Түркістан облысының әкімдігімен бірінші нақтылауда жаңа 1 200 орынды қаржыландыруды қамтамасыз етуге 3,1 млрд теңге сомасындағы қажеттілік ұсынылмағандығын атап өткен жөн.

Бүгінгі таңда Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ақпараты бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жан басына нормативтік қаржыландыру үшін Түркістан облысында 26,6 млрд теңге, Алматы облысында 2,5 млрд теңге қосымша қаржылық қажеттілік бар. Жалпы сомасы 29,1 млрд теңге болатын **бұл қажеттілікті Министрлік 2021 жылға арналған республикалық бюджетті екінші нақтылау кезінде мәлімдейтін болады.**

Осы мәселе бойынша Үкіметте 2021 жылғы 30 шілдеде селекторлық кеңес өткізілді. Кеңес қорытындысы бойынша мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін арттыру мақсатында Министрлікке мемлекеттік органдармен бірлесіп балалардың мектепке дейінгі білім алуға болжамды қажеттілігін айқындау әдістемесін әзірлеу, 2022 – 2024 жылдарға арналған бюджетті қалыптастыру шеңберінде балаларды мектепке дейінгі оқытумен қамтуды ұлғайту үшін мемлекеттік тапсырысты орналастыруға республикалық бюджеттен қаражат бөлу мәселелерін пысықтау тапсырылды.

Сондай-ақ облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктеріне Министрлікпен бірлесіп, мемлекеттік тапсырыс көлемін мектепке дейінгі білім беруді жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативіне дейін жеткізу бойынша уақтылы шаралар қабылдауды қамтамасыз ету, балалар контингентінің өсуін ескере отырып, жыл сайынғы негізде қосымша бюджет қаражатын бөлу мәселелерін пысықтау тапсырылды.

Аталған бағыттардағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

А. Мамин



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан*На № ДС-211 от 16 июня 2021 года***Уважаемые депутаты!**

На ваш депутатский запрос относительно реализации государственного образовательного заказа (далее – госзаказ) в дошкольных организациях образования сообщаю следующее.

В соответствии со статьями 54-56 Бюджетного кодекса Республики Казахстан и статьей 6 Закона Республики Казахстан «Об образовании» дошкольное обучение и воспитание детей обеспечивается местными исполнительными органами за счет средств местных бюджетов.

В республиканском бюджете на 2021 – 2023 годы предусмотрены целевые трансферты на повышение оплаты труда с учетом ежегодного увеличения заработной платы педагогов в соответствии с Методикой подушевого финансирования¹. На эти цели для дошкольных организаций образования Алматинской области предусмотрено 46,1 млрд тенге (на 2021 год – 11,7 млрд, на 2022 год – 17,2 млрд, на 2023 год – 17,2 млрд), Туркестанской области – 79,5 млрд тенге (на 2021 год – 19,9 млрд тенге, на 2022 год – 29,8 млрд тенге, на 2023 год – 29,8 млрд тенге).

Кроме того, **при уточнении республиканского бюджета на 2021 год полностью поддержана** дополнительная потребность на дошкольное образования на 1,8 млрд тенге по Алматинской области (8000 новых мест). При этом, потребность на финансирование мест в дошкольных организациях, введенных сверх ранее заявленного плана в сумме 2,5 млрд тенге, регионом на уточнение не заявлена.

В связи с несоответствием представленных акиматом Туркестанской области сведений о контингенте по отчетным данным Национальной образовательной базы данных Республиканской бюджетной комиссии дополнительная потребность на сумму 24,3 млрд тенге на финансирование госзаказа в дошкольных организациях не поддержана.

¹ Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 27 ноября 2017 года № 597 «Об утверждении Методики подушевого нормативного финансирования дошкольного воспитания и обучения, среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, а также высшего и послевузовского образования с учетом кредитной технологии обучения».

Справочно: следует отметить, что потребность в сумме 3,1 млрд тенге на обеспечение финансирования новых 1 200 мест акиматом Туркестанской области на первое уточнение не заявлена.

На сегодня по информации Министерства образования и науки (далее – Министерство), для подушевого нормативного финансирования дошкольных организаций образования существует дополнительная финансовая потребность в Туркестанской области на сумму 26,6 млрд тенге, в Алматинской области – 2,5 млрд тенге. **Данная потребность на общую сумму 29,1 млрд тенге будет заявлена Министерством при втором уточнении республиканского бюджета на 2021 год.**

По данному вопросу в Правительстве 30 июля 2021 года проведено селекторное совещание. По итогам совещания с целью повышения доступности дошкольного образования Министерству совместно с государственными органами поручено разработать Методику определения прогнозной потребности в получении детьми дошкольного образования, проработать вопросы выделения средств из республиканского бюджета на размещение госзаказа для увеличения охвата детей дошкольным обучением в рамках формирования бюджета на 2022-2024 годы.

Также акиматам областей, г.г. Нур-Султана, Алматы, Шымкента совместно с Министерством поручено обеспечить принятие своевременных мер по доведению объема госзаказа до норматива подушевого финансирования дошкольного образования, проработать вопросы выделения дополнительных бюджетных средств на ежегодной основе с учетом роста контингента детей.

Работа в указанных направлениях продолжается и находится на постоянном контроле Правительства.

А. Мамин